



«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РҒПО директоры

Г. ТҰРСЫНОВ

2024 жылғы « 02 » 05

## Жалпы білім беретін мектептердің 5-9 сынып оқушылары арасында республикалық «Тарих ата» олимпиадасының ЕРЕЖЕСІ

### Жалпы ережелер

1. Осы «Ереже» Қазақстан тарихы пәні бойынша 5-9 сынып оқушылары арасында республикалық «Тарих ата» олимпиадасын *(бұдан әрі – Олимпиада)* өткізу және оған қатысу тәртібін айқындайды.
2. Олимпиаданы ұйымдастырушы – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы *(бұдан әрі – «Дарын» РҒПО)*.
3. Олимпиаданың мақсаты – оқушылардың ел тарихы туралы білім деңгейін арттыру және ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуге ықпал ету.

### Олимпиада қатысушылары

4. Олимпиадаға білім беру ұйымдарының барлық типтері мен түрлерінің 5-9 сынып оқушылары ерікті түрде қатысады.

### Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

5. Олимпиада бір турдан тұрады, онлайн режимінде өткізіледі.
6. Республикалық деңгейдегі олимпиада болғандықтан, тест сұрақтарының мазмұндары өткен сыныптардағы тақырыптарды қамтиды *(мысалы, 6-сынып бойынша тест сұрақтары 5,6-сыныптарда қарастырылатын тақырыптарға негізделуі мүмкін)*.
7. Олимпиаданы өткізу прокторинг жүйесінде бейнебақылау арқылы жүргізіледі: қатысушының қимыл-қозғалысы автоматты түрде суретке түсіріліп, ұйымдастыру комитетіне дисквалификациялау шараларын қабылдау үшін орталық серверге жіберіледі.
8. Қатысушылар 40 (қырық) минут ішінде 30 сұрақтан тұратын тест тапсырмаларын орындайды.
9. Әрбір дұрыс жауап тапсырманың күрделі деңгейіне байланысты 1-ден 3 баллға дейін бағаланады. Тапсырманың күрделілік деңгейін және оған сәйкес баллды ұйымдастыру комитеті бекітетін әдістемелік комиссия анықтайды.
10. Олимпиаданың максималды ұпайы - 60 балл.

11. Олимпиадаға қатысуға арналған онлайн-платформадағы қадамдық әрекеттерді сипаттайтын нұсқаулық олимпиаданың басталуына 1 апта қалғанда [www.daryn.kz](http://www.daryn.kz) сайтында орналастырылады.

12. Олимпиада аяқталғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде жеңімпаздар мен жүлдегерлердің тізімі [www.daryn.kz](http://www.daryn.kz) сайтында жарияланады.

13. Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8/2, Тел. 8-7172-79-58-73, e-mail: [info@daryn.kz](mailto:info@daryn.kz).

### **Қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау**

14. Олимпиаданың қорытындысы бойынша ең көп ұпай санын жинаған жалпы қатысушылар санының 30% «Дарын» РҒПО-ның I, II және III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

15. Олимпиада қорытындысы бойынша апелляция қарастырылмаған.

### **Қаржыландыру**

16. Олимпиаданы қаржыландыру бекітілген сметаға сәйкес жүзеге асырылады.